



Кәукен
Кенжетәев

дархан
дарын



Өнердегі өнегелі өмірлер





Өнердегі өнегелі өмірлер

Кәукен
Кенжетәев

дархан
дарын

Алматы «Өнер» 1980

ББК 85. 45
К 30

Кенжетаев Кәукен.

К 30 Дархан дарын.— Алматы: Өнер, 1980.—152 бет.

Бұл кітапта опера әншісі, Қазақ ССР-нің халық артисі К. Кенжетаев көрнекті актер, режиссер, СССР халық артисі, СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың балалық шағы мен өмір жолы, творчествосы туралы сыр шертеді. Сондай-ақ, автор өзінің үлкен өнерге, ұлттық операмызға келу тарихын, бұл ретте көмегін, ағалық ақыл-кеңесін аямаған қазақ сахнасының ардагерлері — Құрманбек Жандарбеков, Күләш Байсейітова, Елубай Өмірзақов, Қанабек Байсейітов, Әнуарбек Үмбетбаев сынды ақиық актерлер творчествосын, олардың көпшілік қауымға онша белгілі емес өнердегі және өмірдегі кейбір қызықты сәттерін інілік ізет, ризалық көңілмен әдемі әңгімелеп береді. Сол секілді бүгінде қазақ опера өнерінің көш басында жүрген СССР халық артистері — Е. Серкебаев, Р. Абдуллин, Б. Төлегенова, Р. Жаманова және басқалар жөнінде де жылы лебіздер мол.

ББК 85.45

К 70303— 159

409(05)80

© «Өнер» баспасы — 1980.

Асыл аға —
Шәкенге арнаймын.
Автор

Автордан

(Алғы сөз орнына)

«Таудың әдемілігін алыстан байқа» дегендей, жастық шақ, өткен өмір жолдары тарихқа айналып алыстаған сайын, оның қимас қадір-қасиеті көз алдында елес беріп өтіп жатқандай әсер етеді екен...

Күні кеше ғана қазақ совет көркемөнерінің ірге тасын қаласып, профессионалдық ұлттық өнеріміздің алғашқы қарлығаштары болған, туған халқымыздың мәдениетін көркейту жолында күллі саналы өмірлерін арнаған ұстаз аға-апаларымыздың көпшілігі, қайсыбір құрбы-құрдастарымыз бүгінде арамызда жоқ. Ұлттық драма және музыкалық театрларымыздың шаңырағын көтерісіп, уығын шаншысқан және қазақ сахна өнерінің айтулы тарландары — Қалыбек, Құрманбек, Қанабек, Елубай, Серке, Күләш, Манарбек, Шәкен, Әнуарбек, Мұқан және басқа театр майталмандарымен қатар өмір сүріп, замандас болу, өнерпаздық шеберлігінен өнеге алып, сахнада серіктесіп ойнаудың өзі үлкен мектеп, үлгі емес пе?!

Әрине, осынау өнер ардагерлері жөнінде, олардың әрқайсысының творчествосы туралы жеке-жеке кітап жазса да болар еді. Мұндай кітаптар болашақта жазылар да. Бірақ автор алдына ондай мақсат қойған жоқ. Біз бұл еңбегімізде жоғарыда аталған айтулы артистеріміздің көпшілігімен қызметтес, сахналас, мәжілістес, пікірлес, достас, сырлас болған сәттерден ойда қалған естеліктерімізді, кейбір үлгі-өнеге алған жайларымызды, сондай-ақ қалың көпшілікке белгісіз қайсыбір өмірлік деректерді, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді бір үзік сыр ретінде айтуды мақсат еттік.

І БӨЛІМ

ДАРХАН ДАРЫН

Атақты Баянауылды кім білмейді... Бұл — Баян-аула, Жақсы-аула, Жаман-аула деп үшке бөлінеді. Сабындыкөл, Жасыбай көлі, Торайғыр көлі, Біржанкөл атты әдемі көлдері және бар. Тіпті тастарының өзі «қыздың жиған жүгіндей» демекші, бірінің үстіне бірін сәндеп қолмен қалағандай, кейде әртүрлі бейне, енді бірде қолдан қашаған мүсін секілді болып көрінеді. Қарағай, аршалар осы тастарды қақ жарып тап төбесіне өседі. Бұлар қайдан нәр алады, немен көректенеді — еш адамға белгісіз. Егер түнде, қараңғыда, тау арасына шыға қалсаң, оның тастары мен ағаштары ертегідегідей неше түрлі құбыжық дүниелерге, адам көрмеген ғажайып аңдарға айналып кетеді. Тіпті кейбір қурап қалған ағаш бұтақтары арбиып-тарбиып, «Жезтырнақтың» қолындай, желкеңнен бас салайын деп тұрған сықылды көрінеді. Сәл дыбыстасаң, бүкіл тау-тас жаңғырығып, жан-жақтан қаптап шулап қоя бергенде, табиғаттың осынау таңғажайыбына қайран қаласың.

Баянға алғаш келіп көрген адам: «Апыр-ай, мына жерде туып-өскен адамдар қалайша ақын, әнші болмасын» деп қайран қалатын. Ол рас еді. Тіпті әрбір тастардың атының өзі жыр жолдарындай жүрекке жылы тиеді. Мысалы: «Ақбеттау», «Үш шошақ», «Көгілдір тау», «Зенгіртас», «Күркетас», «Қойтас», «Серектас», «Көктас», «Аралтас», «Найзатас», «Ертас» болып кете барады.

Сол Баянның «Ақбеттауының» бауырында, сары жазықтың ортасында, Айман бұлақтың түбінде, «Қызыл шіліктің» тау жақ бетінде қарағайдан салынған екі бөлмелі аласа ғана үй болатын.

Бұл Айманның кенжесі Кенжетайдың үйі еді. Кенжетай жасынан мойнына мылтық асынып, ит жүгіртіп, құс ұшырып, аң аулап, қолынан домбырасы түспеген, ән салуды жанындай жақсы көреді екен.

Кенжетайдың сол кішкентай үйінде Қали әнші, Ысқақбай күйші, Дүйсенбай ертегіші, Рахметқожа қиссашы, өзінің сауық сүйгіш ағасы Мұзапар, інісі Қажымұрат, тағы басқа ел жақсылары жиналып, ойын-думанды қатты қыздыратын. Таң

атқанша ән айтылады, күй тартылады, ертегі, қиссалар оқылады.

Қенжетайдың үш ұлы — Әбдікәрім (Абдан), Шаһкәрім (Шәкен), Әбдірахім (Кәукен) болды. Біз кейін Абдан, Шәкен, Кәукен аталып кеттік. Жаңағыдай кештерде біріміз әкеміздің, екіншіміз шешеміздің алдында отырып алып, сілеміз қатқанша тындап, көзіміз қалай ілініп кеткенін білмей қалатынымыз.

Біз үшін Қалидың әні, Ысқақбайдың күйі өмірде бір қол жетпейтін қиял сияқты көрінетін. Кейде:

— Ал, қане, Шәкітай мен Кәукешті тындайық. Ал, бір-бір ән айтып беріндер,— деп Кәкең (Қали) домбырасының құлағын бұрай бастайды.

— Шәкен, сен «Екі жиренді», ал Кәукен, сен «Қара торғайды» айт,— деп әкеміз қостап кетеді.

Сөйтіп, біз де ән салған боламыз.

— Бәрекелді, бәрекелді, міне, тамаша балалар,— деп Қали мақтайды.

— Осы екеуінен түбінде әнші шығады,— деп басқалары да мадақтай жөнеледі.

— Ал енді, Қали, өзің тағы бір әнге басып, құлағымыздың құрышын қандыршы...

— Иә, иә, балаларды қайтесің... өзің... тағы бір...— деп отырғандар орындарынан бір-бір қозғалысып қойысады.

Ұйқы ашылып кетеді. Екі көзіміз Қалидың тартқан домбырасында, енді кәзір таудан аққан бұлақтай Қалидың көмейінен әдемі бір ән төгілгелі тұр. Бұл неткен ғажап ән, неткен ғажап үн, кім үйреткен оны Қалиға?! Сарқырап құйылып жатқан не деген дауыс? Біз үшін бұл түсініксіз құбылыс. Тек осы күнге дейін бізге Қали өнері естен қалмайтындай рухани азық болғаны рас.

* * *

Қали мол денелі, алып кеуделі, қыр мұрынды, жалтыр бас, кішкене ғана шоқша сақалы бар, сирек мұртты, ашық мінезді кісі еді.

Біз Қалиды жезде дейтінбіз. Оған себеп, Қали әкеміз Қенжетайдың ағасы Мұзапардың үлкен қызы Қапанға үйленген. Қапан Қалидан көп кіші. Жасында Қали сөз салғанда, Қапан «бармаймын, оған тұрмысқа шықпаймын» деп қарсылық жасаған. Қапан еркін өскен, сөзге шешен, өткір қыз болатын.

Бірақ біздің ауылдың Қалиды сыйлайтыны соншама, барлығы Қапанды ортаға алып үгіттей бастады. Бірақ Қапан оның біріне көнбей, «бармаймын деген соң бармаймын» деп қасарысып отырып алады.

Қапан тек «Кішкентай ағатайынан» ғана қорқады. Ол — Кенжетай. Ал, Кенжетай Қалидың өнеріне бар жан-тәнімен құлаған адам. Оның үстіне екеуі жан дос. Кенжетайдың ұғымында Қалидың аузынан шыққан сөз екі болмауы керек.

Ауылда да Кенжетайдың абыройы үлкен. Ол — әнші, ол — аңшы, ол күйші және атақты Айманның кенжесі. Сондықтан тентектеу болып өскен, сөзге шешен. Тіпті одан кейбіреулер кәдімгідей сескенетін де. Әрі Кенжетай арабша оқыған, хат таниды. Мұзапардың әйелі Жұмагүл шешеміз үшін дүниедегі жеті ғаламның тілін білетін оқымысты. Ол үйдің қожасы Мұзекен емес, Жұмагүл шешеміз болатын.

Жұмагүл шешей Кенжекенді қатты сыйлайды және аздап қорқатын да секілді. Өйткені, қайнысына «тентегім» деп ат қоюы тегін болмаса керек.

Қапанның көнбегенін естіген Кенжетай жеңгесіне; «Қызына айт, Қалидай адам сөз салып отырғанда, қолын қақпасың! Істі насырға шаптырма! Менің мінезімді білесің ғой» деп салмақ салады.

Ақыры не керек, Қалиға Қапан қосылып, аяғы той жасаумен біткен.

Қали тоқсанға келіп дүние салды. Сол жылдар Қапанмен бірге кешкен өмірінде Қапанға деген махаббаты таусылмай кеткен адам. Екі сөзінің бірі Қапан. Қандай әңгіме айтпасын оның ішінде Қапансыз әңгіме болмайтын.

Қали сөзге шорқақтау адам. «Маған сөз сөйлетіп қайте-сіндер, одан да мен ән айтайын, сөзді сендер сөйлендер» дейтін-ді. Сөзінің мәтелі: «Онда қапы бар ма», болмаса «есеп бар ма» деп басқаның сөзін қошаметтеп қана қояды. Бұған қоса Қали сондай аңқау, адамға зияны жоқ, өте қарапайым адам еді. Бір жылы ол көп жолдастарымен Қоянды жәрмеңкесіне келеді. Ойын-сауық қызып жатқан кез. Ән салынып, күй тартылып, би биленіп, неше түрлі қызық әңгімелер айтылып, думан қыза бастаған. Осы думанның ішінде ән шырқап Қали отырса керек. Осы кезде сыртта да бір қызық оқиға болады. Үлкен брішкеге пар ат жеккен орыс мұжығы ауылдың шетінен өтіп бара жатып, ат күзетуші қазақ жігітінен мына екі атымның бірі ақсап қалды, бұдан әрі жүре алатын түрі жоқ, не ақшама сау ат тауып бер, немесе мына ақсақ атымның үстіне ақша қосып ал деп жалынады.

— Апыр-ау, мен атты қайдан табам, мына аттардың бәрінің иесі бар...

— Көмектесіңіз, барар жер әлі алыс, жете алатын емеспін....

— Мұныңыз қиын болды-ау өзі, енді қайтсем екен?— деп жігіт қиналған болады да, ақсақ атты алып қалып, орнына

Қалидың жалғыз атын беріп жіберіп, үстіне ақша алады.

Сөйтіп ақсақ атқа Қалидың ер-тоқымын салып қояды.

Кешқұрым жұрт тарай бастайды. Қалилар да аттарына мініп кете барады. Қали жолшыбай байқаса астындағы аты ақсайды.

— Ойбай-ау, мынаған не болған, таңертең сап-сау еді ғой?!— дейді.

— Ой, байқамағансың ғой, бұл ертеден ақсақ болуы керек,— десіп жұрт күледі.

— Жоқ, таңертең сап-сау болатын, онда қапы жоқ,— деп Қали аң-таң. Аттың о жақ, бұ жағынан шығып қарап,— Мынау менің атыма ұқсамайды! Иә, онда қапы бар ма... Менікі емес...— дейді. Бұған жұрт ду күліседі. Сол кезде атты айыр-бастап жіберген жігіт:— Онда біреу сау атты ақсақ атқа айыр-бастап жіберіп келе жатқан шығар,— депті жымыып...

Қали домбырасын қолға алып, құлағын бұрап жіберіп, қағып-қағып жібергенде, ғажайып өзгеріске енетін. Жаңағы сөзге орашолақ Қали емес, бәйгеге қосатын жүйрік аттай сыланып сала беретін. Өткір көздері күлімсірей қадалып, екі беті қызарып, жайдарыланып, домбыраның құлақ күйіне барлық тәнін, жанын бергендей төніп отырған сәтінде, енді оның кеудесінен ғажайып ән сазының төгілетінін сезесің.

Қали ән айтқанда, тыңдаушыда ол халықтың тамаша әуенін әдемі айтып отыр деген ғана ой тумайды. Өзінің жанынан, жан күйзелісінен шыққан ән болып көрінеді. Қали өзі ән шығармаған адам. Бірақ халық көп әндерді Қалидың әндері деп кеткен. Оның себебі, Қалидың әнге деген ерекше көзқарасы, махаббаты, енді жан-тәнімен айтуы талай әндерді Қалидікі дегізіп кеткен.

Ол асқақтата «Ардақты», шалқыта «Шаманы», балқыта «Мақпалды», ыза кернегендей қалыпта «Жанботаны», жүректен жалын боп шыққан «Құлагерді» айтқан кезде, басқа Қали болып көрінеді көзіңе. Оның көз қарасы, бет құбылысы, денесінің бейімделуі сол ән үшін жаралғандай. Ол сұлу да, әдемі де, ашулы да, ызалы да, күлдіргі де, нәзік те боп көрінетін.

Күн батар кешке жақын таудан асып,
Шапақтап қызыл алма нұрын шашып.
Ақшам мен намаздыгер арасында.
Аһ ұрып қосылады екі ғашық —

деп «Шамаға» салғанда, жаңағы қызарып батып бара жатқан күн нұрының астында құшақтасып келе жатқан екі ғашық суреті көз алдыңа елестемей қояр ма?!

Қалидың өзінің мәтелі болатын — «Шамаң келсе, «Шаманы»

айт» деген. Расында, «Шама»— өте қиын, күрделі ән. Қалидың өз айтуы бойынша, ол «Шаманы» Жарылғапберді әншіден үйренген. «Жарылғапбердідей әнші қайда» деп таңдай қағатын. Өзінің ұстазына сондай қошамет көрсетуші еді. Ал мен өз басым Қалидан артық «Шаманы» айтқан кісіні естігем жоқ. Шынында да Қалидың «Шамаң келсе, «Шаманы» айт» дегені дұрыс сөз. Осы күнгі әншілеріміздің де «Шамаға» шамасы келмей-ақ жүр...

Қали өзі тұстас әншілерді мақтап, әрқайсысына орынды баға беріп отыратын. Оның ішінде Әміре Қали үшін ерекше орын алады. «Әміреден әнші аспайды» деген Қалидың сөзі. Луначарскийдің шақыруы бойынша, Парижге бару үшін Әміре екеуі Москвада жарысқа түскенін көп айтатын. «Менен ол жақсы айтты және оның дауысы сондай әдемі онда қапы жоқ» дейтін.

Қалидан ән үйрену өте қиын. Бір айтқан әнін екінші рет қайталантсаңыз, алғашқы айтқанына ұқсамай кетеді. Негізі сол ән, бірақ Қали оны қайталағанда басқаша өңдеп әкетеді. Шынында да, Қали әнді айтқан сайын, оны құбылтып әр түрлі мәнерге салып, өз тарапынан әнге әдемі ырғақтар қосып өрнектеп отырады. Онысы негізінде халық әндерін бұзып, өзгертіп жібермейді, қайта әндерді құлаққа жағымды етіп, одан да әрі құлпыртып жібереді. Халық әнінің әдемілігі де, қасиеті де осында ғой. Өйткені, талай жылдар, ғасырлар бойы Қали сықылды тамаша әншілердің өңдеуіне түсіп, бұлақтың қайрақ тасындай, артық-кемі жоқ жұмырлана, тазара түскен ғой.

Олай дейтінім, Қалидың ән айту мәнеріне, оның құбылысына қарағанда осындай ой туады. Тіпті жалғыз Қали емес, халқымыздың талай-талай тамаша әншілері әнге өзінше әдемілік қасиет қосып, өзіне тән әдемі өрнектермен әнді түрлендіріп, құлпыртып, «Пәленбай әнші осылай айтады» дегізіп кеткен ғой. Шебер әнші өзі ән шығармағанмен, «мынау ән Пәленбай әншінікі» дегізеді. Мысалы, Қалидың —«Жиырма бесі», Токбайдың —«Екі жирені», Жарылғапбердінің —«Шамасы». Әміренің —«Ағаш аяғы» дегізіп кету ғажайып әншілеріміздің күдіреттілігі емес пе?

Халқымыздың осынау әншілерімізді шын сүйіп, пір тұтатыны осыдан да болса керек.

Әрине, халық әндері ғылыми зерттеуді керек қылады. Ол музыка зерттеушілерінің ісі. Тек «қай әнді кім шығарды» деп көп әндердің авторларын шатыстыра бермей, оның негізінен, көркемдігін тексеру керек қой деп ойлаймын...

Қалидың жан тербетіп айтқан әндері, оның құлақтан кетпес үні, көпке дейін естен шықпай, «енді тағы қашан келер екен»— деген ой бізді шыдатпайды... «Шіркін, Қалидей әнші

болар ма едік» деп арман етеміз. Біздің ойымызды сезгендей ол: «Сендер де өскен соң әнші боласыздар, онда қапы жоқ» деп қояды.

— Кенжаға, мына балаларға домбыра істеп беріңіз, үйренсін. Өнерге баулып, өзің айтатын тамаша әндерінді осыларға үйрет. Есеп бар ма, бұлар тез үйреніп кетеді,— дейтін. Біздер оған қатты қуанамыз. Қали айтқан соң, әнші болмасқа лаж жоқ. Тіпті ертеңнен бастап сарнап кететін сықылдымыз. Шынында, әкеміз өзінің шамасына қарай, шағын ғана тенор дауысына лайықтап, әнді сызылтып әдемі айтады. Қолымызға домбыра ұстатып өнерге баулып, ән үйретті, тақпақ оқытты.

Сөйтіп, әкеміздің жолын қуып, ағайынды үшеуіміз де домбыра тартып, ән салатын болдық.

Әкей Қалимен бірге ел аралап, көп уақыт жүріп қайтады. Қали мен Кенжекең ауылға келген соң-ақ, ән думаны қайта басталады. Қыз-келіншектер, ел жақсылары жиналады, сол жиында Қали бізге де ән айтқызады. Мақтап та қояды және әнді қалай айту керектігін үйретеді.

Шәкеннің бізден гөрі өнерге деген қабілеті, ынтасы көбірек еді. Ол әкеміздің болмаса, Қалидың бір айтып берген өлеңін табанда қағып алатын да, бізге қайта айтып беретін. Қалидың ән айтып отырғандағы бет құбылысын, қимылын аудармай салатын. Қалидың өзі мұны көріп қарқ-қарқ күліп, Шәкеннің бетінен сүйіп: «Мынау үлкен әртіс болады, онда тіпті қапы жоқ» деп арқасынан қағады.

Қалидың адамшылығын, оның өнерін, әнін біздің елде жақсы көрмейтін жан кемде-кем еді. Ол табиғат берген дариядай дарынын өзінің елінен аяп қалған жоқ.

Тоқсанға дейін домбырасы қолынан түспеген Қали, өмірінің ақырғы айларында Алматыға келіп біздің үйде, Шәкеннің үйінде Қапан екеуі көп уақыт жатып талай әндер айтып, талай әңгімелер шертілді. Шәкеннің Қалиды жақсы көруі ерекше болатын. Тіпті Қали ән айтпаған күннің өзінде оның жанынан шықпай, Қалидың әңгімесін, оның қарапайым бала сықылды мінездерін, оның артистік қасиетін қатты силайтын.

Алматыға келе қалса, алдымен Шәкен өз үйіне шақырып, жібермей айлап жатқызатын. Осындай бір Алматыға келіп көп күндер қонақ болып кетерінде: «Шәкен, Кәукен қарақтарым, енді сендерді көре алам ба, көре алмаймын ба...» деп көзіне жас алып, бетімізден сүйіп еді. Онысы рас болды. Қарағандыға барған соң, көп ұзамай дүние салды. Тек оның әні қалды.

Шәкен еркінірек, өжеттеу болып өсті. Оны ауыл-аймақ жақсы көріп, ән салдырып, тақпақ оқытады, ертегі айтқызады.

Жұмысқа бейімділігі аздау еді, тек қайда ойын-сауық болса, сонда жүретін.

Марқұм шешеміз «бұзауды бағып кел, болмаса тезек теріп келе қойыңдар» десе, Шәкеннің не іші, не басы ауыра қалады. Анамыз қаттырақ айтса, «Серектастың» басына шығып алып, екі аяқты салбыратып жіберіп жылайды да отырады.

— Сенің жұртты қылжақ қылғанда басың ауырмайды, ал жұмысқа келгенде бас та, іш те ауыра қалатыны қалай?— деп, апам ренжитін еді.

Шәкеннің қалжыңқой екені рас. Ауылдағы қыз-келіншек, кейбір жігіттердің мінез-құлқын аудармай салып, жұртты қыран күлкіге батырады. Ауылда Ысқақбай деген күйші болды. Орта бойлы, қара шұбар, арық кісі. Екі көзі жоқ, су қараңғы. Күйді ғажайып әдемі тартады және өзі де күй шығарады. Күй тартқанда, қыза-қыза бір орында отырмай жорғалай жөнелетін. Күй сарынына берілуі соншама, қара терге түсіп, еңкілдетіп жібергенде, тіпті көзі көретін адамға ұқсап кететін.

Осы Ысқақбайдың күйлерін Шәкен жанындай жақсы көріп, күні-түні үйренуге тырысады және дәл Ысқақбай болып айнытпай күй тартады.

Біздің ауылдың бір жақсы қасиеті — ән-күй болмай қалған кеште қисса оқылады, ертегі айтылады.

Рахметқожаның әндетіп айтатын «Шәкір-Шәкірат», «Мұңлық-Зарлық», «Қасен-Құсайын» тағы басқа дастандар мен қиссалар танның қалай атқанын сездірмейді. Ал Дүйсенбайдың ертегілері ше?! «Көроғлы», «Шаһамұран патша», «Ескендір Зұлқарнайлар» осы күнге дейін есте. Дүйсенбай ертегіні асықпай, баппен тамаша айтады.

Суық қыстың кешінде самауырды бұрқыратып қайнатып, жылтылдап жанған пеш отының жарығында күрең шайды сораптап тартып қойып, әңгіме айтып отырған қиссашылар мен ертегішілерді тыңдауға не жетсін?

Рахметқожаға қиссаны ауылдың еркек-әйелдері жиналып, әсіресе, оразаның ұзақ кешінде айтқызады.

— Сәресіге осы жерден-ақ барамыз, ал, Қожеке, бірдене деп жібер,— деп қолқалайды. Бәрі алқа-қотан жайласып отырып алады. Ауыз ашылған, намаз оқылған, мал қораланған, тек енді сәресіге дейін қисса тыңдау ғана қалған. Ауылдың балалары да қалмайды, біз де барамыз. Мақсат — ұйықтап қалмау, бізге мұндайда ұйқыдан басқа жау жоқ.

Қожекен — орта бойлы, селдір сақалды, қабағы түсіңкіреген қара кісі.

Қолына қобыз алып, алғашқыда баяулата бастайды. Содан қыза келе екі көзі жұмылып, қабағы салбырап, екі беті қызара бөртіп, даусы күжілдеп, сол айтып отырған қиссаның оқиғалары ішінде өзі бірге жүргендей, күңірене боздап отырады.

Шәкір деген атыңнан,
Тасқа жазған хатыңнан,

Айналайын Шәкірат,—деп басталатын «Шәкір-Шәкіратты», одан қала берді «Мұңлық-Зарлық», «Ер Сайын», «Хасен-Құсайын», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» дастандарын айтқанда, тап бір қазіргі теледидар көргендей көз алдымыздан өтіп жатады. Жас кездегі сол әңгімелер осы күнге дейін есте қалған. Шәкен кейінгі кездерде де «Еңлік-Кебек». «Қалқаман-Мамыр», «Ер Сайын» қиссаларын домбыраға қосып жақсы айтып жүрді. Ал Дүйсенбайдан естіген «Ескендір патша», «Көроғлы» «Шаһамұран патша» сықылды көп ертегілерді мен де осы күнге дейін жақсы білем.

Дүйсенбай, Қоқыш, Төлеу үш ағайынды. Пұсырман деген кісінің ұлдары. Біздің қатты сыйласатын көршіміз болған. Өте кедей тұратын. Таудан ағаш түсіруге жалданып, өздерінің қара күштеріне ғана сенетін. Тек Төлеу ғана кейіннен оқу оқып, көзі ашылды.

Қоқыш Дүйсенбай сияқты ертегі айта білмейді. Өзінің мінезі де шәлкестеу.

Осы үш ұлдың анасы Үндемес шешей сағыз қайнатады. Ол кісінің сағызындай сағызды еш жерден таба алмайсыз. Қыз-келіншектер бастарындағы ақырғы орамалын берсе де, Үндекеннің сағзын алмай қоймайды. Ал, Үндекеннің шәйі ше? Бүкіл Баянауылға аңыз болған. Таңертеңнен кешке дейін сары самауырыны бір сөнбей қайнап тұрады, жалғыз көк сиырының сүті шайға құюмен кетеді.

Ауылға келген, кеткен адамдар Үндекен үйінен шай ішпей кетуі мүмкін емес. Осы Үндекен Шәкеннің кіндік шешесі-тін. Кейінгі кезде Шәкен оқуда көп жүріп қайтқанда, Үндекен үйінен айқайын сала шығып: «Сен алдымен маған бетіңнен сүйгіз, содан кейін Жамалға барасың» (Жамал біздің анамыздың аты), деп алдымен Шәкеннің бетінен жылап келіп сүйіп, «ал енді Жамалға бар» деп қоя береді.

Шәкенді өз баласынан кем көрмеуші еді. Осы кісінің ортаншы ұлы Қоқыш, біздің Тәттібай атты ағамыз екеуі таудан ағаш түсіреді. Қысы-жазы бірдей екеуі екі өгізді мініп алып, таң атпай тауға барып, ағаш кесіп, кешке жақын ауылға та-

сиды. Біздің үйдің есігі алдында «Ақбеттаудың» май қарағайлары үйіліп жатады. Шәкен екеуіміздің де «жұмысымыз» аз емес, сол дөңбектердің үстіне ат қылып мініп алып кешке дейін ойынға батамыз.

Тәттібай мен Қоқышқа, әсіресе, қысты күні қиын. Баянның қысы өте қатты болады. Екеуі қас қарая таудан үйге қайтады. Өздерін де, өгіздерін де аппақ қырау басқан, үсті-бастары мұз сіреу. Аяқтағы етіктері сіресіп қатып қалып, үстегі тон мен тері шалбар иілуге келмей, әбден әбігерге түсіреді.

Әрине, мұндайда алдымен шайға кіріседі. Қоқыш үйінде ештеме бола қоймайды да, Тәттібаймен бірге біздің үйге келеді. Шәкен екеуіміз Қоқаңның бізге келгенін іштей жақсы көреміз және қашан тамақтанып болып, жатар екен деп асыға күтеміз. Өйткені, Қоқаңнан ертегі естуіміз керек.

Шай ішіп, бой жадырағанша Қоқыш пен Тәттібайда андасанда «Аһ, уф!» дегеннен басқа үн шықпайды.

Кешкі ас ішіліп болған соң, көп кешікпей төргі үйге сәкінің үстіне төсек салынып, сонда жата кетіседі. Шәкен екеуіміз Қоқаңның екі жағынан орын аламыз да, жатар-жатпастан «ертегі айт» деп қолқа саламыз оған.

Тәттібай іргеге қарап жатады да, сәлден соң-ақ қор ете түседі. Ал біз ертегі тыңдаймыз. Қоқан бізден оңай құтыла алмайтынын біледі де әңгіме бастайды.

— Баяғыда, осы «Ақбеттау» мен «үш шошақтың» аралығында «Бұғы су ішкен» деген бұлақ болды,— деп бастайды Қоқаң әңгімені.— Сол «Бұғы су ішкен» бұлағының бойында «Бәкене қарағай бәйтерек» дейтін адам айтқысыз үлкен бәйтерек болды. Мына Тәттібай жақсы біледі. Әй, Тәттібай! Әлгі сенің қызыл өгізің дөңбекті тарта алмай құлап қап еді ғой, міне тап сол жерде,— деп Тәттібайды бір-екі нұқып қояды. Тәттібай оған: «Әу, ант ұрған-ау, ана балаларға айта берсеңші, менде нең бар», деп оны ұнатпай қынжылып қалады.

— Ол бәйтерек болғанда да ғажап үлкен бәйтерек еді. Биіктігі аспанмен тілдеседі, ал әр бұтақтарының жуандығы сондай, мына мені мен Тәттібайдың құшағын қосса жетпейді.

— Солай емес пе, Тәттібай?— деп қалады. Ол — Тәттібай ұйқыға кетіп, қорылға кіріскен кез. Оны енді оятуға қимайды да, Қоқаң әңгімені әрман қарай жалғастырады.

— Бір мезгілде күн қарауытып, аспанды қара бұлт басып, қатты дауыл тұрып айнала алай-түлей болды да кетті. Желдің күші соншалық, жаңағы бәйтеректі тал шыбықтай селкілдетті. Қас қағым сәтте жаңбыр құйып, артынша қар жауды. «Бұл не сұмдық» деп, Тәттібай екеуіміз қорыққаннан, бір күрке тастың астына кіріп алып тапжылмай қарап отырмыз. Бір сәтте күніміз түнге айналып кетті. Біздің қорыққанамыз **соң-**

ша, басымызды шекпенімізбен бүркеп, құшақтасып жатып қалдық. Сол кезде күн жарқ ете түсті де ашылып кетті. Ақырын ғана шекпеннен басымызды шығарып қарасақ, жаңағы бәйтеректің басына келіп бір самұрық құс қонған екен... Бәйтеректің басы иіліп, солқылдап, жерге әрең-әрең тимей тұр.

Ал енді балалар, жаңағы самұрық болғанда, құс атаулының ішіндегі алыбы екен. Үлкендігі түйеден де үлкен бе екен... Әрбір қанатының ұзындығы мына Тәттібай екеуміздің құлашымызды қоссақ, сондай бесеу бар. Ал басы біреу емес, екеу. Екеуі екі жаққа қарап тұр. Тістерін шықырлатқанда арасынан от шығады, жаңағы найзағайдай жарқылдаған сол екен. Әрбір көзі тай қазандай. Біраз қарап жаттық та, етіміз үйренген соң басымызды көтердік. Сөйтсек, самұрық алыстан әбден шаршап келген екен, бәйтеректің үстіне отырысымен, мына Тәттібайға ұқсап ұйқыға кетті. Бағанағы соққан дауыл осының қанатының лебі екен. Ал қарлы жаңбыр көзінің жасы мен түшкірігі екен.

Ал, балалар, бұл самұрық енді ешқайда бармайды, шаршап келген ғой, сондықтан ол таң атқанша тапжылмай ұйықтайды. Енді сендер де ұйықтандар, қалғанын ертең айтам,— деп бір аунап түседі де, Қоқан да қор ете қалады. Біз көпке дейін ұйықтай алмай жатамыз. Жаңағы самұрық көз алдымыздан кетпейді. Аздан соң ол түске де енеді. Түні бойы самұрықпен әуре боламыз. Кейде ол екеумізді екі қанатына отырғызып алып, аспанға алып ұшады. Сондай биік, құлап қала жаздаймыз. Кейде Ер-төстік сықылды самұрықтың балапандарын жеуге бара жатқан айдаһар жыланды қылышпен шауып тастап, балапандарын аман алып қаламыз. Оны білген самұрық бізге қатты риза болып, «Ақбеттаудың» шыңына алып шығып, бар әлемді көрсетеді.

Таңертең кеш тұрамыз. Біз тұрғанда Тәттібай мен Қоқыш тауға кетіп қалады. Олар келгенше «самұрық енді не болды екен» деген оймен Қоқанды асыға күтеміз. Кешінде «Ал, Қоқа, самұрықтың ұйқысы қанды ғой, енді не істейді?» деп сұраймыз.

— Иә, балалар, дұрыс айтасындар, оның ұйқысы әбден қанды. Бірақ оның енді өте қарны ашты. Сондықтан көзін ашып жан-жағына қарап, қатты бір сілкініп еді, жер қозғалғандай болды. Қанаттарын қомдап, ұшып та кетті.. Ал, балалар, бұл бір жегенде бір жылқы, бірнеше қой жейді. Оларды тауып алғанша көп уақыт керек. Барар жері алыс, сондықтан ертең кешке дейін ұшады. Сендер де дем алындар,— деп Қоқан тағы ұйқыға кетеді. Әңгіме аяғы тағы да бітпей қалады...

Қоқыштың осындай әңгімелерін, оның қарапайымдылығын, аңқаулығын, тепсе темір үзгендей қара күшін Шәкен өте

жақсы көреді және жанынан қалмайды, оның істеген істерін қызық көреді

Бір күні Қоқаң есік алдындағы жер ошақта бауырсақ пісіріп отырған Мәйдә деген жеңгесінің қасына келіп шарадағы пісіп тұрған бауырсаққа қол салды. Мәйдә қолындағы кәкпірмен қолына салып қалды да:

— Тәйт әрі, немене сен үшін пісіріп отыр деймісің,— деді. Жанындағы әңгіме-дүкен құрып отырған келіншектер:

— Жарайды, Мәйдә... Берсейші, бір-екі бауырсақ, немене, байқұстың қолынан ұрып,— деп қалжыңға айналдырады.

— Е, одан кім аяп отыр, керек болса мына қазандағы бауырсақтан ала қойсын, көрейін өнерін!— дейді Мәйдә.

— Ал егер осы қайнап жатқан бауырсақтан жалаңаш қолмен қос уыс алсам, ана шарадағы бауырсақты бересің бе?

Мәйдә ойланбастан: «жарайды, берейін» деді. Қыз-келіншек, бала-шағалар жинала қалдық. Қоқаң құдықтан бір шелек мұздай су әкелді де екі қолын білегіне дейін сыбанып, қолдарын суға салып біршама уақыт отырды.

Бір мезгілде Мәйдә қазанның астына Баянның сап-сары май қарағайын үсті-үстіне тастап өртей бастады. Шатырлап жанған май қарағайдың жалыны соншама, тіпті қазанды көрсетпей кетті. Бауырсақ қатты қайнаған майдың ішінде секіріп бырт-бырт жарылып, аспанға ата бастады.

— Ал, қане отырасың ба осылай? Әлде қорқып қалдың ба?— дейді Мәйдә. Оны жан-жақтан қыз-келіншектер де қос-тай кетіп, Қоқышты түрткілей бастады. Сол сәтте Қоқаң, көзді ашып-жұмғанша болған жоқ, күректей екі қолын қазанға салып жіберіп, қос уыс бауырсақты уыстаған бойы шелектегі суға сала қойды. Жұрт шу ете түсті. Қоқаң сөйтіп ұтып кетті...

— Әй, жынды, шарам босаса әкеп бер,— дегеннен басқа Мәйдә сөз қата алмады.

Осылайша балалық бал дәурен өткен туған жерден біз ерте кеттік. Содан Баянауылға араға көп жылдар салып, тек соғыстан кейін, 1946 жылы ғана қайта келдік. Шәкен бір кезде ыстық ұя болған, бүгінде құлап қалған қараша үйдің бұрышын құшақтап тұрып көп жылап еді...

* * *

Шәкен екеуміз тетелес өстік. Сол себептен болар, көп қалжындаса беретінбіз. Мен соңғы кездерде Шәкеннің «өнер қысып жылап отыратын тасы» деп жолдастарына «Серектасты» көрсетіп күлдіретінмін. Ондайда Шәкен:

— Кет, пышылдамай,— деп мұртынан бір күліп қоя салады.

«Өнер қысып жылап отыр» деген сөз тегіннен-тегін шықпаған еді.

Біздің әкеміздің Айманұлы Аббас деген дәрігер ағасы болған. Бұл кісі Баян ауданында аса қадірменді адам еді. Сол көкеміз атына мініп алып, ағайындарды аралап «Халдерің қалай, ауру-сырқаудан амансындар ма? Бала-шаға аман ба?» деп сұрап жүретін.

Көбіне біздің үйге келіп келініне «Жәмке, халдерің қалай? Балалардың қарны ашып қалмады ма?» деп сұрайтын.

Кейде «Серектастың» басында жылап отырған Шәкенді көріп, неге жылап отырғанын сұрағанда апам қатты ұялып, Шәкенге қолын сермеп, «тоқтат» дегендей ым жасайды. Сол кезде Әбағаң (Аббасты Әбағаң дейтінбіз):

— Жәмке, Жәмке, оған ұрыспаңыз, ұрыспаңыз. Ол тегін жылап отырған жоқ. Оны өнер қысып жылап отыр. Менің артыма мінгестіріп жіберіңіз, мен үйге алып кетейін,— деп Шәкенді үйіне алып кетеді. Әбағам жалғыз Шәкенді ғана емес, бәрімізді де осылай үйіне алып барып, тамаққа тойғызып, төр алдына төсек салдырып, түні бойы ертегі айтқызады. Біз Рахметқожа мен Дүйсенбайдан үйренген ертектірімізді айтып береміз.

Шәкен кейін артист болған соң ауыл үлкендері «Апыр-ай; Әбағам Шәкенді жасында «өнер қысып жылап отыр» деуші еді, жарықтық біліп айтқан екен ғой» деп таңдайларын қағатын.

Әрине, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей Шәкеннің үлкен дарын тұғырына көтерілуіне оның туған жері, тәлім алып өскен, қоршаған ортасы, жас кезінде құмарта тыңдаған әншілер, күйшілер, қиссашылар, ертегішілер тікелей себеп болғаны хақ.

Шәкен талай жиындарда, өзінің достарының арасында сан түрлі сықақ әңгімелер айтып, жұртты қатты күлкіге батыратын. Ол әңгімелерінің басым көпшілігінің «кейіпкері» мен болатынмын.

Әсіресе, жас кездегі қызықтарды айтқанда ойынан шығарса да, шын болса да мен туралы болушы еді. Соның бірі мынадай:

— Бір күні апам осы Қенжетаев екеуімізді «тезек теріп келіндер» деп жұмсады. Жақын жерде тезек жоқ, жұрт алып қойған, алыстан тереміз.

Қаптың аузын ашатын Қенжетаев, ал тезекті теріп салатын мен. Қап толған соң ойлаймын, енді үйге дейін көтеріп

баратын осы шығар деп. Бірақ менен гөрі жасы кіші болған соң, мұны тағы аяп:

— Мен әне бір жерге дейін апарам, ал әрмен қарай сен апарасың,— деймін. Бұл соған келіседі. Мен қаптағы тезекті әлгі уәделескен жерге дейін арқалап жете бергенде, Кенжетаев үйге қарай тұра қашады. Сондай жүйрік, мен қуып жете алмай қаламын. Жүгіргенде басы қалтақ-қалтақ етіп, үйге кіріп жоқ болады.

Ал үйге келгеннен кейін өш алайын десем, апамның қолтығының астына кіріп алған, жымып күліп отырады. Үлкендерге айтсам, менің сөзімді тыңдар бір адам жоқ. Қайта өзіме ұрсады. «Кәукен — кенже, қара шаңырақ» деп оған ешкім шаң жуытпайды.

Міне, мен сөйтіп жасымнан «езілген тап» боп өстім және баланың ортаншысымын, сөзім іске аспайды.

Бірақ мұның жүйріктігін мен де біраз пайдаландым.

Ауылда көңілге ұнаған сұлуларға хат жазып, бұдан беріп жіберем. Бармауға шамасы жоқ, жақында Семейден оқудан қайтқанда мандолин әкеп бергем. Іңірде, намаздыгер, намазшам арасында жіберем, Кенжетаевтың ай сәулесінің астында табандары жалт-жалт етіп жүгіріп бара жатқанын бір-ақ көресің...

Шәкеннің маған мандолин әкеп бергені рас болатын. Ауылдың және Мұзапар (Үлкен ағатай дейміз) ағатайымның ұлдары — Шамат, Кәрімқұл, Рақымқұл, Қалкендермен қосылып домбыра, мандолин үйреніп күні бойы әуре боп жатамыз.

Шәкен жасынан өнерлі, талабы мол балаларға жанын салып қатты көмектесуші еді. Ал егер өзінен үлкен адам болса, онда соған еліктеп соңынан еріп, қалмайтын.

Көшпелі елдің жайлауға барып қонуының өзі бір тамаша спектакль.

Осы қызық думанның негізгі кейіпкерінің бірі Шәкен.

Көш алдында Әбағамның пар ат жеккен қара пәуескесі, содан кейін әркім өзінің рет-ретімен, сап түзеген солдат сықылды тәртіппен жолға аттанады. Көштің қызығы әрине, астыңда атың болса! Ал ол жоқ болса, өгіз арбаның үстінде итендеп ұзақ жолда мазаң кетіп, қалғумен боласың. Бізге көбінесе өгіз арба тиеді. Жүк артқан өгіз арбаның үстінде: «Соба! Өкі Шу!» деп шиқылдай бұраландаған төрт дөңгелектің құлаққа жағымсыз дыбысынан басқа түк қызық жоқ.

Бірақ Шәкен мұнда да тыныш отырмайды. Керпұшық досы екеуі неше түрлі ойын тауып, жол қысқартады.

Керпұшықтың Шәкеннен жасы үлкен, ауылдағы өнері іші-

не симай жүрген бір пысық жігіт болатын. Шәкенді соңынан ертіп алып, талай уақыт думандатып жүретін.

Шәкен Керпұшықтың жылпостығына, тапқырлығына мәз боп қайран қалады. Керпұшық әңгімесін кейінгі кезге дейін жолдастарына қосып, өндеп айтып қыран күлкі қылады. Керпұшықпен бірге жүрген соң, оның әңгімесінің ішіне өзін қосып, «екеуміз солай жасағанбыз» деп мақтанып та қояды.

— Ауылда Керпұшық деген бала болды,— деп бастайды Шәкен оның әңгімесін.— Ол екеуміз өте дос едік. «Керпұшық» деп атын қалай қойғанына таң қалам. «Кер» деген аттың түрі, ал «пұшық» десек мұрны пұшық емес, бәріміздің мұрнымыздай сап-сау. Олай болса неге Керпұшық болмақ, оны білмеймін. Ал ауылдың үлкен-кішісі «Кераға» дейді. Себебі, Керағаң епті де, өнерлі де. Ауылдың үлкендері де, боз балалары да бұған жалынышты...

Ауылда ерігіп жүрген жігіттер, қыз-келіншектер және қалжыңбас құрдастар да аз емес. Солар Керағаңа тапсырма беріп, барлаушы етеді.

Керағаңды мақтап-мақтап басқаның қолынан келмейтін қиын жұмыстарға жібереді. Оны Керағаң бұлжытпай орындайды да.

Бір күні Шамқамет Керағаңа қиын тапсырма береді.

— Сен, жақын арада менің құрдасымның әйелінің айнасы мен тарағын, бас орамалын әкеп бере аласың ба?

— Әкелем!— дейді Керағаң.

— Ендеше, бұл жұмысты тірі адам білмеуі керек...

— Құп!

— Ақысын іс біткен соң аласың, жарай ма?!

— Жарайды.

Керағаң түн ортасында «жорыққа» шығады. Керағаң білмейтін ауылда сыр жоқ. Қай үйдің есігінде қандай кілт бар, қай есікте леген, қай есікте темір шелек байлаулы, қайсысына шымшуыр ілулі, қай есікте қол ағаш қыстырулы — ол Керағаңның есебінде.

Қызы бар немесе жас келіншегі бар үйлері есігіне леген мен темір шелек байлайды. Ал әбден әккі боп қалған үй шымшуыр мен қол ағаш тығып қояды. Біріншісі, есікті ашып қалғанда, леген мен шелек салдырлап үй ішін оятады, ал екіншісі, басыннан сарт еткізіп салып қалғанда, енді қайтып ол үйдің есігін ашпайсың. Кейбіреулер есік алдына құраған құрай тастайды, әрине оны да түсіну қиын емес...

Міне, осы жағдайда Керағаң тапсырманы орындауы керек. Қалай?..

Алдымен Керағаң аяғына байпақ киеді. Өйткені, жалаң

аяқ болса, аяққа бірдеңе кіріп кетуі мүмкін. Ал етік кесе, дыбысы естіледі. Артық киімді тастап жеңілденеді, аш тазыдай ықшамдалады. Сонымен Қерағанның жүрісі мысықтың жүрісіндей, ешкім сезбейді.

«Есігіміз мықты жабулы» деп етке тойып пырылдап ұйықтап жатқан аңқау жандар түктен хабары болмайды.

Жұмысын бітіріп әкеп бергенде Шамқамет мәз болып, ертеңіне бүкіл ауылға жайып күлкі қылады.

Кейде мұндай «күрделі іс» жоқ кезде, іші пысқан Қераған кешке таман пісіріп ши ішіне қойған қазандағы сүттердің қаймағын «тазалап» кететіні де бар...

Әрине, ол Қерағанның ісі екенін жұрт біледі, бірақ еш адам оны көрген жоқ... Тек мен ғана Қерағанның жанындамын — деп, Шәкен өзін де қосып қояды.

— Сонда Қераған қаймақты өзі жеп, Шәкенге қолын жалататын,— деп мен де бір іліп-шалып қаламын.

— Кет шыылдамай, оны сен қайдан білесің,— деп мені қағып тастайды.

* * *

Шәкенді 1924 жылы үлкен ағамыз Қажымұрат Семейге оқуға алып кетті. Өзі мұғалім болғандықтан, Шәкенді де мұғалім болсын деп алғашқыда Қазкоммунаға, кейіннен Халық ағарту институтына түсірген. Осы институтта оқып жүргенде Шәкеннің қолынан домбыра мен мандолина түспей, неше түрлі көркемөнер үйірмелеріне, Халық үйінде (Народный дом) Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» пьесасы бойынша қойылған спектакльге қатысып жүрген.

1933 жылы Семейге сол кездегі Алматыдағы қазақтың ұлттық драма театрына дарынды жастарды жинау үшін арнаулы сапармен Ғабит Мүсірепов келеді.

Ғабен Шәкен қатысқан «Зарлық» атты спектакльді көріп, Шәкеннің ойыны ұнағаннан кейін, оны Алматыға алып кетеді.

Сөйтіп, Шәкен өзінің аңсаған арманына жетіп, тап сол жылы Алматыдағы қазақтың драма театрына жұмысқа орналасады.

Кейіннен Шәкен:

— 1933 жылдың 3 сентябрін мен еш уақытта ұмытпаймын. Бұл күні мен профессионал артист болдым. Театрға түстім. Екінші естен кетпес қуанышым, мен осы театрда қазақтың атақты артистері — Қалыбек Қуанышбаев, Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков. Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Қанабек Байсейітов, Манарбек Ержановтармен таныстым. Менің өмірімде де, өнерде де аға тұтып көп өнеге, тә-

лім-тәрбие алған ұстаздарым да, мектебім де осылар,— деп Шәкен үнемі айтып отыратын.

Шәкен өзінің ұстаздарын еске алғанда, жүректен жарып шыққан шын сезіммен, аса бір сүйіспеншілікпен еске алушы еді. «Өзім туралы және өзімнің өнерім туралы» деген кішкене кітабында Шәкен Қалыбек Қуанышбаев жөнінде былай дейді:

«Бұл адам туралы мүмкін мен жеке бір кітап жазып, не себептен оның қазақ сахнасының данышпаны екенін және маған неге соншалық қадірменді көрінетінін бәлкім, сонда айтармын.

Қалыбек Қуанышбаевпен творчестволық достығым — менің өнерім үшін сарқылмас бұлақтың көзінен нәр алғандай боп көрінеді.

Сахнада болсын, кино түсіретін камера алдында болсын ол мен үшін камертон еді. Кейде бұрыс жолға түсіп бара жатсам, Қуанышбаев лебізін естігенде, қайта дұрыс жолға оралушы едім. Қуанышбаев біздің творчествомызға халық өмірінің сыр-сипатын әсем енгізді. Міне, менің Қуанышбаевты өз әкемнен бірде-бір кем көрмей, сүйетінім сондықтан». Шынында да, Қалыбек Қуанышбаев өнер адамдарының арасында дара тұрған, үлкен кесек тұлға ғой. Қалыбек ұлттық драма театрының алыбы деуге болар еді.

Ол халықтың нағыз қалың ортасынан шыққан, өнер үшін туған ғұлама артист еді. Қалыбек және оның өмірде де, өнерде де достары болған — Серке Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов, Қанабек Байсейітов, Күләш Байсейітова. Жұмат Шаниндер қазақ совет өнерінің ту ұстаушылары, алғашқы қызғалдақтары.

Шәкен жоғарыдағы аты аталған ағаларына зор ілтипатпен, үлкен құрмет, таза сезіммен қараушы еді. Осы ағаларының көбінің қарапайымдылығын, ұлы адамдарға тән ашық аңқаулығын сүйіспеншілікпен айтып, елге аңыз ететін.

Сондай ағаларының бірі Құрманбек Жандарбеков жөнінде талай әңгімелер айтып, Құрекеңнің ақ жарқын мінез-құлқын, оның аңғалдығын, салдығын, өмірдегі еркіндігін талай жерде әңгіме ететін.

Достары Құрманбек пен Шәкенді осы заманның салдары, серілері деуші еді. Қолдары ашық, дүниенің бетіне қарамайтын, достары үшін түгін аямайтын Құрекең де, Шәкен де көп арасында жүргенді, достарымен жиын, әңгіме-дүкен құрғанды өте жақсы көруші еді.

Олармен бірге отырған кеш қызықты, көпке дейін есте қаларлықтай болатын. Шәкен мен Мәжит Бегалин Ленинградта «Жамбыл» кинофильмін түсіріп жүргендегі Құрекеңнің қызықтарын айтып, елді күлдіретін.

«Ленинградта «Жамбыл» картинасын түсіріп жүрміз. Бәріміз «Астория» қонақ үйінде жатырмыз. Жас кез... Мәжит екеуміздің алған ақшамыз жете бермейді. Оның үстіне ылғи таксимен жүреміз.

Ақшамыз жоқ күні таксидің шоферіне пәлендей номерде ағамыз Жандарбеков тұрады, ақшаны сол кісі төлейді» деп жібереміз. Кеш келсек, «танертең бар» дейміз.

(Таксистер бізді жақсы біледі және сенеді).

Ертеңіне Құрекең орнынан тұрар-тұрмастан шофер есік қағады.

— Кіріңіз.

Шофер:

— Кешегі таксидің ақшасына келіп едім,— дейді.

— Қайдағы такси? Қайдағы ақша? Мен кеше ешқайда барғаным жоқ,— деп шарт ете түседі Құрекең.

— Жоқ, кешіріңіз, сіз емес, сіздің інілеріңіз ғой.

— Қайдағы іні?! Менің туысқандарымның бәрі сонау Алматыда!

— Осындағы інілеріңіз. Анау артистер, Шәкен мен Мәжит. Сізге, ағамызға барып ақшаны ал деді.

— Ә, тағы анау екі ит пе? Әй, күшік-иттер-ай, күшік-иттер-ай. Кеше қай уақытта келді?

— Түнде.

— Әрине, қалталарында бес тиын жоқ. Қанша керек еді? Мә, мынаны қоса ал,— деп артығымен береді»

— Бір күні демалыс еді,— деп енді әңгімені Мәжит бастай жөнеледі.— Құрекең, Шәкен үшеуміз Эрмитажға барып, танертеңнен кешке дейін сонда болып, әбден шаршап, қайтып келе жатырмыз. Қарнымыз ашып, тамақтанғымыз кеп күндегі үйреншікті «Кавказская шашлычнаяға» тарттық. Біз Эрмитажда жүргенде жаңбыр жауыпты, көше лас екен.

Құрекең үстінде сұр костюмі бар, шалбарының балағы тіпті кең. Біздің алдымызда екі-үш адымдай жерде аяғын жылдам-жылдам басып кетіп барады. Біз тыныш жүреміз бе!?

— Әй, Шәкен, Құрекеңнің балағы сондай кең... рахат...— деймін.

— Оның несі рахат? Мына лапта жүру қиын емес пе?

— Жоқ, сен ештемені түсінбей келесің. Құрекеңнің мына жүрісінен кейін, осы көше тап-таза болмаса маған кел.

— Неге?

— Құрекеңнің анау кең балағы көшенің бәрін тап-таза қылып сыпырып шығады,— дедім.

Сол мезгілде Құрекең артына жалт етіп бір қарады да, келе жатқан бір машинаны тоқтатып, мініп кетті де қалды.

— Ал, аузыңнан қағылдың,— деді Шәкен.

— Неге?

— Қалтада бір тиын ақша жоқ, сеніп келе жатқанымыз Құрекең емес пе еді, одан да айрылды.

— Жарайды, баратын жері белгілі ғой...

Біз үсті-басымыз су-су болып, қарын аш, ақша жоқ, сөл-бірейіп «Кавказскаяға» кіріп барсақ, Құрекең жаңа ғана екі-үш порция шашылықты алдына алып, асап жатыр екен. Аузымыздан суымыз ағып кетті. Құрекең жанына баруға бет жоқ, басқа столға барып отырдық та бір рюмкадан арақ алғыздық. Ал Құрекең бізге қарар емес. Шәкен орнынан тұрып, қолына рюмканы алып:

— Әй, Мәжит, осындай ұлы атамыздың атындағы қалада алшаң басып жүріп, жақсылықты білмей, екеуміз тым асып кеттік,— деді.

— Е, неғыппыз?

— Ортамыздағы жалғыз ағамыз Құрекеңді сыйламаған бізден не үміт, не қайыр? Қане, тұр орнынан, осы тосты Құрекеңнің денсаулығына алып қоялық.

Сол кезде Құрекең бізге жалт қарады да:

— Маша, иди сюда,— деп даяшыны шақырып алды да.— Этим собакам по сто пятьдесят водки и по три порции шашлыка,— деді.

Қарнымызды тойғызып, ойнап-күліп қонақ үйге қайттық.

Шәкен осы әңгімелерді тек елді күлдіру үшін ғана айтпайды. Құрекеңнің ашық мінезін; кең пейілін, таза жүрегін білдіру үшін айтатын.

Шәкеннің осы бір мінездерін ағалары да жанындай жақсы көретін. Шәкен қайсысының үйіне бармасын құрметті қонағы, тіпті сол үйдің өз адамдарының бірі болып кетеді. Оның сықақ әңгімелерін, қалжың сөздерін бәрі ішегі қатқанша күліп, сүйе тындайтын. Шәкенді аса бір бөлек сүйіспеншілікпен жақсы көретін адамның бірі Елаған (Елубай Өмірзақов) еді.

Елаған қатты науқас үстінде жатып, дүние саларына көзі жеткен соң, өзінің ақырғы демінде «мені Шәкеннің жанына қойындар» деген.

Марқұмның айтқанын орындадық. Шәкенмен топырағы бірігіп жатыр. Бұл адамға деген неткен махаббат десеңізші...

Шәкеннің достары, жолдастары өте көп еді. Шәкен өз достарын да, достары Шәкенді де пір тұтып, жақсы сыйласатын.

Жоғарыда айтылған ағалары Шәкенді өз баласынан кем көрмейді десем қателеспеймін.

1968 жылы Жүсіпбек Елебеков, Роза Бағланова, Еркеғали Рахмадиев, оның ішінде мен де бар, Үндістанға сапар шектік.